АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

23.01.2026 | № 37

Үшарал қаласы | город Ушарал

Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратының электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратының электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын 16-баптың 3-тармағының 28) - тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А.Абишев**

001860

Қарсы емеспін.

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишевқа

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Осы қызметтік жазба арқылы Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратының электр желілерінің техникалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз екенін хабарлаймын.

Ғимараттың электр желілері ұзақ уақыт бойы пайдаланылуына байланысты тозған, нәтижесінде электр қуатының үзілуі, жүктеменің артуы және қауіпсіздік талаптарының толық сақталмау қаупі туындап отыр. Аталған жағдайлар ғимараттың қалыпты әрі үздіксіз жұмыс істеуіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осыған байланысты, электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын шұғыл түрде жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Жұмыстарды қысқа мерзімде әрі сапалы орындау мақсатында, сондай-ақ техникалық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-баптың 3-тармағының 28) -тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратының электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**